

## Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ «2025 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



[МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.](#)

Жұбанов университетіне Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Жұлдыз Сүлейменова мен Қазыбек Әлішев келіп, университеттің профессор-оқытушылар құрамымен маңызды кездесу өткізді. Кездесу барысында отбасылық құндылық, жастарды еңбекке баулу және білім беру саласындағы тәрбие мәселелері кеңінен талқыланды.



[HERIOT-WATT УНИВЕРСИТЕТІ АҚТӨБЕ КАМПУСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ МАЛАЙЗИЯ ЖӘНЕ ЭДИНБУРГ КАМПУСТАРЫНА ОҚУҒА ЖІБЕРІЛДІ](#)

ҚР Президентінің тапсырмасымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті базасында ашылған Heriot-Watt университетінің Ақтөбе кампусының студенттерінің алғашқы легі Малайзия және Эдинбург кампустарына оқуға жіберілді. Heriot-Watt университетінің Ақтөбе кампусының 2 курсына оқитын 16 студент GoGlobal академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білімін жетілдіру үшін британдық жетекші университеттің басқа кампустарына аттанды.



[HERIOT-WATT UNIVERSITY АҚТӨБЕ КАМПУСЫ BETT 2025 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ](#)

Heriot-Watt University Ақтөбе кампусы білім беру технологиялары саласындағы ең ірі халықаралық ішаралардың бірі – BETT 2025 көрмесіне қатысты. Көрме Ұлыбританияның Лондон қаласындағы ExCeL көрме орталығында өтті. BETT Show (British Education Training and Technology Show) – білім беру саласындағы ең беделді және ауқымды ішаралардың бірі. Жыл сайын көрмеге әлемнің 130-дан астам елінен 30 мыңға жуық маман қатысып, инновациялармен танысып, тәжірибе алмасады. Көрме білім беру мекемелерін, EdTech компанияларын, университеттерді, мектептерді және білім беру шешімдерін жасаушыларды бір алаңға жинайды.



[ZHUBANOV UNIVERSITY ЖӘНЕ HERIOT-WATT UNIVERSITY: ӨРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ](#)

Жұбанов университетінің басшылығы Эдинбург қаласына жұмыс сапары барысында Хериот-Уотт университетінің жаңа ректоры Стивен Маклафлинмен кездесті. Кездесу барысында тараптар алдағы бірлескен жоспарларды талқылап, 2025-2026 оқу жылына студенттерді қабылдау, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында студенттерді шетелдік кампустарға жіберу мәселелері бойынша пікір алмасты.



[АСҚАР ЖҰБАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ: ЖАҢА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ](#)

Жұбанов университетінің Н.Байғанин атындағы оқу ғимаратында қазақ тілінің ұлттық корпусының негізін қалаушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Құдайбергелулы Жұбановтың атына жабдықталған заманауи мультимедиялық кабинет ашылды. Асқар Жұбанов қазақ тілінің ұлттық корпусының негізін қалаушы ретінде ұлттық тіл білімін дамытуда елеулі үлес қосты. Оның бастамасындағы ұлттық корпус әртүрлі саладағы зерттеушілерге, тілшілерге, әдебиеттанушыларға және гуманитарлық ғылымдар өкілдеріне қажетті құрал болып табылады. Ұлттық корпус тіл білімі мен шетел тілдерін оқытуда, оқулықтар мен бағдарламалар құрастыруда үлкен маңызға ие.



[АБЕРДИН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ HERIOT-WATT УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ КАМПУСЫН ТАҢДАДЫ](#)

Алишер Сабиров — Heriot-Watt университетінің 2 курс студенті. Бұған дейін Шотландиядағы Абердин университетінде үш жыл білім алған Алишер осы семестрде Heriot-Watt университетінің Ақтөбе кампусына ауысу туралы шешім қабылдаған. Heriot-Watt университеті мен Абердин университетін салыстырғанда, Алишер екі оқу орнының да жоғары деңгейде екенін атап өтті. Дегенмен, мұнай-газ саласында Heriot-Watt университетінің рейтингі әлдеқайда жоғары екенін айта келіп, оның білім беру жүйесінің практикалық бағыттарына ерекше мән берді.

# Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ «2025 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



## [ZHUBANOV UNIVERSITY-ДЕ «КҮМІС УНИВЕРСИТЕТ» ЖОБАСЫ БАСТАУ АЛДЫ](#)

Жұбанов университетінде «Күміс университет» жобасының ашылу салтанаты өтті. Биыл бұл жобаға 170 тыңдаушы тіркеліп, қатысушылар саны өткен жылмен салыстырғанда едәуір артты. Өткен жылы аталмыш жоба аясында 90-нан астам күміс жастағы қатысушылар түрлі курстарда тегін білім алған болатын. Бұл жоба аға буын өкілдеріне білім алуға жаңа мүмкіндіктер ұсына отырып, олардың өмір сапасын арттыруға бағытталған.



## [РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬДЕ ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ ҮЗДІК ЖОБАЛАРЫН ТАНЫСТЫРДЫ](#)

Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында Астанада техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы ең ауқымды іс-шара — «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі өтті. Бұл фестиваль Қазақстандағы кәсіби білім мен өндіріс саласын дамытуға үлкен үлес қосып, жас мамандарға жаңа мүмкіндіктер ұсынды. Республикалық фестивальде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің техникалық факультеті студенттерінен құралған «Oil Angels» командасы ерекше жетістікке жетіп, бірінші орынға ие болды.



## [ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС КОНСУЛЫ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ](#)

Ақтау қаласындағы Өзбекстан Республикасының Бас консулы Жамолиддинхуа Абдукаримов Жұбанов университетінде білім алып жатқан өзбек жастарымен кездесіп, мәдениет пен білім саласындағы маңызды мәселелерді талқылады. Бас консул университет басшылығына алғысын білдіріп, студенттердің жоғары деңгейде білім мен тәрбие алуына тілектестік білдірді.



## [ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ ҰЛЫ КАЗЕМИР УНИВЕРСИТЕТІ ПРОФЕССОРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЭКСПЕРИМЕНТ ЖАСАДЫ](#)

Польшадағы Быдгощ қаласы Ұлы Казимир университетінің Оптоэлектрондық материалдар кафедрасының меңгерушісі, dr hab, профессор Юрий Зоренко Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне келіп, оқу орнының ғалымдарымен бірге эксперименттік жұмыстар жүргізді. Профессор «Материалдардың Радиациялық физикасы» ғылыми орталығының жетекшісі Қуанышбек Шүңкеевтің «Иондық кристалдардың люминесценция шығымын бөлме температурасында арттыруының іргелі механизмдерін эксперименттік зерттеу» атты ғылыми жобасы аясында жұмыс жасауда.



## [ZHUBANOV UNIVERSITY ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ИЕ БОЛДЫ](#)

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсында Жұбанов университетінің ғалымдары грант ұтып алды.

<https://zhubanov.edu.kz/kk/all-news/news/129/>

<https://zhubanov.edu.kz/kk/all-news/news/186/>

<https://zhubanov.edu.kz/kk/all-news/news/220/>



## [ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ МЕН ӨЗЕРБАЙЖАН АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ](#)

3 наурызда Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті мен Өзербайжан Ұлттық ғылым академиясының Археология, этнография және антропология институты арасында кездесу өтті. Іс-шараға университет ректоры Лаура Қарабасова, институт директоры Фархад Гулиев және директордың орынбасары Заур Гасанов қатысты. Кездесу барысында тараптар жоғары оқу орындары арасындағы болашақ серіктестік мүмкіндіктерін талқылады.

# Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ «2025 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



## ["ҒЫЛЫМҒА ҚАДАМ" ЖОБАСЫ БАСТАУ АЛДЫ](#)

Жұбанов университетінде 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ғылымдағы әйелдерді қолдауға арналған «Ғылымға қадам» жобасы бастау алды. Бұл жоба әйелдердің академиялық мансабын қайта бастауына және ғылыми салада өз орнын табуына көмек көрсетуге бағытталған.



## [ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ ӨЗЕРБАЙЖАН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН ҰНТҰМАҚТАСТЫҒЫН НЫҒАЙТТЫ](#)

Жұбанов университетінің басшылығы Баку қаласына іс-сапары барысында Қазақстан-Әзербайжан ЖОО ректорларының дөңгелек үстеліне және «Study in Kazakhstan» білім беру көрмесіне қатысты. Сонымен қатар Әзербайжанның жетекші жоғары оқу орындары басшыларымен кездесіп, бірқатар маңызды келіссөздер жүргізді. Дөңгелек үстел барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Әзербайжан Республикасы Президенті жанындағы Жоғары аттестаттау комиссиясымен ғылыми басылымдардың бірлескен тізімін бекіту туралы келісімге қол қойды.



## [ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН «ZHUBANOV» ОЛИМПИАДАСЫ ӨТТІ](#)

Жұбанов университетінде 11-сынып оқушыларына арналған «Zhubanov» олимпиадасы ұйымдастырылды. Білім сайысына Маңғыстау облысы, Орал, Ақтөбе қалаларынан және Шалқар, Мартук, Қарғалы, Байғанин, Өйтеке би, Алға, Темір аудандарынан 500-ге жуық оқушы қатысты.



## [ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІНІҢ КЕҢЕСШІСІ РУСЛАН ЕМЕЛБАЕВ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ](#)

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев студенттермен кездесу өткізді. Кездесу барысында Руслан Емелбаев Қазақстанда білім беру жүйесін дамыту, жоғары оқу орындарының сапасын арттыру және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандыру мәселелеріне тоқталды. Ол еліміздегі білім беру жүйесін халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті ету мақсатында атқарылып жатқан реформаларды түсіндірді. Сонымен қатар елімізде бөлінетін гранттар жайында ақпарат беріп, оларды өтеу жолдарын атап өтті.



## [Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОР ҒЫЛЫМИ РЕЙТИНГДЕН ОРЫН АЛДЫ!](#)

12 сәуір Ғылым қызметкерлері күніне орай, соңғы 5 жылда (2020–2024 жж.) Web of Science деректер базасында ең көп дәйексөз келтірілген 150 қазақстандық автордың тізімі жарияланды. Университетіміздің ректоры, білім беру бойынша философия докторы (Ph.D.) Қарабасова Лаура Чапайқызы да осы тізімде орын алып, еліміздің жетекші ғалымдары қатарынан табылды.



## [ZHUBANOV UNIVERSITY ҒАЛЫМДАРЫ WEB OF SCIENCE ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫНЫҢ ЕҢ КӨП ДӘЙЕКСӨЗ КЕЛТІРІЛГЕН АВТОРЛАР ТІЗІМІНЕ ЕНДІ](#)

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы 2020-2024 жылдар аралығында Web of Science деректер базасындағы Қазақстанмен байланысы бар мақалалардың ең көп дәйексөз келтірілген авторларының тізімін жариялады. Тізім алты негізгі ғылыми бағыт бойынша жасалған. Бұл тізімде Жұбанов университетінің бірнеше ғалымы ең көп дәйексөз келтірілген жетекші ғалымдар қатарынан табылды.

# Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ «2025 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



## [АРМАН ИСИМОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАСЫ ӘЛЕМНІҢ ЕҢ КӨП ҚАРАЛҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚАТАРЫНА ЕНДІ](#)

Жұбанов университетінің биология кафедрасының доценті, PhD Арман Исимовтың WILEY халықаралық ғылыми баспасының Veterinary Medicine and Science журналына жарияланған мақаласы ең көп қаралған мақалалардың алғашқы 10 пайызына енді.



## [АҚТӨБЕДЕГІ HERIOT-WATT СТУДЕНТІ ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА ТУРАЛЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН КОМИКС ЖАСАДЫ](#)

Heriot-Watt университетінің Ақтөбе кампусының 2-курс студенті Көркемай Елеусіз Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына орай ерекше жобаны жүзеге асырды. Студент жасанды интеллект технологияларының мүмкіндіктерін пайдаланып, батырдың ерлігі мен рухын қазіргі заман талабына сай жеткізетін комикс жасады.



## [ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ – ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ» III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ ӨТТІ](#)

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Отбасы – тәрбие бастауы» онкүндігі аясында «Салауатты ұрпақ – ұлт байлығы» атты III Халықаралық форум өтті. Іс-шараның мақсаты – жаһандық өзгерістер жағдайында жастарға сапалы білім беру мен психологиялық қолдау жүйесін жетілдіруге бағытталған тиімді стратегиялар мен шешімдерді ұсыну.



## [ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ – «БОЛАШАҚ» ТАҒЫЛЫМДАМАСЫНДА](#)

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 5 ғалымы «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында шетелдің жетекші жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтеді.



## [ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА](#)

Қ. Жұбанов атындағы университеті Қытайдың Ғылым және технология университетінің (USTC) ғалымдарымен бірге жаңа ғылыми жобаны іске қосты. Жоба ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қолдауымен жүзеге асырылып, отқа төзімді әрі берік жаңа пластик материалдарын жасауға бағытталған. Бұл материалдар жел энергетикасында, кеме жасауда, құрылыс пен көлікте қолданылатын болады.



## [КАДР ДАЯРЛАУ МЕН КӘСІБИ ҚОЛДАУДА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛДЫ](#)

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті мен Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасады. Құжатқа университет ректоры Лаура Қарабасова және департамент бастығы, полковник Қажарман Оразалин қол қойды.

# Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ «2025 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



## СТУДЕНТТІК СТАРТАП НАРЫҚҚА ЖОЛ АШТЫ: ЖҰБАНОВШЫЛАРДЫҢ ЖОБАСЫН МҰНАЙ КОМПАНИЯСЫ ӨНДІРІСТЕ ҚОЛДАНБАҚ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттері Рамзан Абдуллин мен Роман Соколов өндірістік нысандарды бақылауға арналған жүйе әзірледі. Бұл жүйе жабдықтардың техникалық жай-күйін үздіксіз бақылауға, ақауларды дер кезінде анықтауға және апаттық жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді.



## «REMOTE» ЖОБАСЫ «ALMATY GARDEN SHOW 2025» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІНДЕ ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ

География және туризм кафедрасының ландшафтық жобалау мамандығы бойынша білім алушы студенттері әзірлеген «gEmote» атты бақ жобасы «Almaty Garden Show 2025» халықаралық фестивалі аясында өткен «Сады начинающих» номинациясында I орынға ие болды.



## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМНЫҢ ҚОНАҚ ДӘРІСІ ӨТТІ

2025 жылғы 22–26 қыркүйек аралығында Жұбанов университетінің физика-математика факультетінің студенттері мен жас зерттеушілері шетелдік ғалым, профессор Юрий Зоренконың «Конденсацияланған күй физикасы» тақырыбындағы дәрістерін тыңдау мүмкіндігіне ие болды. Профессор Зоренко Польша физика қоғамының (PTF) мүшесі әрі Быдгощ бөлімшесінің төрағасы, сондай-ақ Медициналық физика бойынша Польша қоғамының (PTFM) мүшесі. Ғалымның ғылыми еңбектерінің беделін оның Хирш индексі – 36 деген жоғары көрсеткіші айғақтайды.




## УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хань Чуньлинмен кездесу өтті. Кездесу барысында білім беру және ғылым саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, тіл үйрету жобаларын дамыту, сондай-ақ ғалымдардың бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу мәселелері талқыланды.



## ИНЖЕНЕРЛІК КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ: ЭНЕРГЕТИКА ВИЦЕ-МИНИСТРІ HERIOT-WATT KAZAKHSTAN КАМПУСЫНДА БОЛДЫ

ҚР Энергетика вице-министрі Санжар Жаркешов Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті базасында ашылған британдық Heriot-Watt University Kazakhstan кампусында болды. Вице-министр кампустың оқу үдерісімен, зертханаларымен және материалдық-техникалық базасымен танысып, еліміздің энергетика және мұнай-газ салалары үшін білікті кадрлар даярлауда мұндай халықаралық жобалардың маңызы зор екенін атап өтті.



## ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕРДІ БІРКІРТГЕН КӨРМЕ

«Шектеусіз шабыт» халықаралық көрмесі аясында Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдерінің жас дизайнерлері мен шығармашылық мамандары Жұбанов университетіне келді. Көрме барысында қатысушылар графикалық дизайн, сәулет, өнер және заманауи технологиялар бағыттарындағы өз жобаларын ұсынды. Олардың қатарында арт-объектілер, фотожұмыстар, 3D-модельдер, сондай-ақ VR/AR және цифрлық өнерге арналған интерактивті аймақтар бар.

# Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ «2025 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»




## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ПОШТАЛЫҚ МАРКА АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗІЛДІ

2025 жылдың 17 қазанында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 90 жылдық мерейтойына арналған пошталық марка ресми түрде айналымға енгізілді.



## КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ: МЕКТЕП ПЕН УНИВЕРСИТЕТ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

16 қазан күні Ақтөбе облысының кәсіби бағдар мамандарының кездесуі өтті. Аталған іс-шара кәсіби бағдар берудің маңыздылығын айқындап, 200-ге жуық сала мамандарының өзара тәжірибе алмасуы мен жаңа әдістемелерді меңгеруіне мүмкіндік болды.



## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Дәулет Төлемісов - бокстан ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының жеңімпазы! Оның жеңісі - Ақтөбе боксындағы маңызды жетістік. Ол тарих жаңартып, өңіріміздің атын 14 жылдан кейін қайтадан жеңіс тұғырынан көрсетті.



## ӨНДІРІСТІК ҮДЕРІСТЕРДІ ЦИФРАНДЫРУ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде дәстүрлі «Табысты түлек – 2025» фестивалі өтті. Бұл шараның басты мақсаты – студенттер мен түлектерге кәсіби бағыт-бағдар беру, жұмыс беруші ұйымдармен тікелей байланыс орнату және еңбек нарығындағы өзекті мүмкіндіктермен таныстыру болды. Іс-шара аясында университеттің ғылыми жетістіктері мен өңірлік мекемелердің интерактивті көрмесі, технологиялық стендтер мен VR-көріністер ұйымдастырылып, жұмыс берушілермен ашық диалог алаңы құрылды.



## ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ – ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Қоғамның өркеніетті дамуы ең алдымен азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен заңға деген құрметінен басталады. Сол себепті білім беру ұйымдары мен құқық қорғау құрылымдарының серіктестігі – құқықтық мәдениетті қалыптастырудың тиімді тетігі болып отыр. Осы бағытта Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті мен Ақтөбе облысының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі департаменті өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



## ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ӘДІЛДІК АЙНАСЫ - ZHUBANOV CUP VII

Университеттің 90 жылдық мерейтойына орай дәстүрлі республикалық «Zhubanov CUP VII» пікірсайыс турнирінің ашылу салтанаты өтті. «Әділетті қоғамның тірегі – адалдық» тақырыбындағы турнирдің басты мақсаты – еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған жастар арасында интеллектуалдық әлеуетті арттыру, сыни және аналитикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық мәселелерді талқылау арқылы азаматтық белсенділікті нығайту және әділетті қоғам құндылықтарын дәріптеу.

# Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ «2025 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



## [ЖЕЛ ЭНЕРГИЯСЫ – БОЛАШАҚТЫҢ ҚУАТЫ: PLENITUDE KAZAKHSTAN БАСШЫСЫ ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ҚОНАҚ ДӘРІС ӨТКІЗДІ](#)

Ақтөбеде Plenitude Kazakhstan компаниясының бас директоры Федерико Пульезе (Federico Pugliese) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Heriot-Watt университеті кампусында қонақ дәріс өткізді. Дәріс «Plenitude Kazakhstan компаниясының жаңартылатын энергия көздері саласындағы тәжірибесі» тақырыбына арналды. Кездесу барысында спикер «Electrical Power Engineering» білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттерге жел электр станциясының толық жұмыс циклі мен техникалық процестері туралы жан-жақты түсіндірді.



## [ZHUBANOV UNIVERSITY СТУДЕНТТЕРІ KASE-ДЕ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТЕДІ](#)

Жұбанов университетінің экономика және құқық факультетінің студенттері KASE-де тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие болды. Ергали Бердешев пен Әсет Тажибаевтың «Қор нарығындағы AI шешімі» атты жобасы KASE ұйымдастырған финтех, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект және қаржы саласындағы цифрлық шешімдерге арналған республикалық байқауда үздік жұмыстардың бірі ретінде танылды.



## [ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚТІЛДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ТАНЫСТЫРДЫ](#)

Ақтөбеде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған алғашқы қазақ тіліндегі инновациялық мобильдік қосымшалар – «Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» әзірленді. Бұл бастама – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы аясында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғалымдары жүзеге асырған жобаның нәтижесі.



## [ГРАНТ ЖӘНЕ ҰБТ: ГРАНТТА ОҚУ МҮМКІНДІКТЕРІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ УНИВЕРСИТЕТ ТАЛДАУЫ](#)

Жұбанов университетінде 2026 жылы өтетін ұлттық бірыңғай тестілеу және мемлекеттік гранттар бойынша ақпараттық кездесу өтті. Іс-шараға қалалық білім бөлімінің өкілдері мен Жұбанов университетінің басқарма мүшелері, Heriot-Watt University және Global College мамандары қатысып, ата-аналарға маңызды жаңалықтар мен өзекті мәліметтер ұсынды.



## [YANDEX QAZAQSTAN БАС ДИРЕКТОРЫ СТУДЕНТТЕРМЕН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ](#)

Жұбанов университеті мен Heriot-Watt University Ақтөбе кампусының IT мамандықтарында білім алатын студенттер Yandex Qazaqstan компаниясының бас директоры Тимур Шалекиновтың қатысуымен өткен қонақ дәріске қатысты. Кездесу барысында спикер технологиялық саланың заманауи даму үрдістері, цифрлық эконьюенің қалыптасуы және Қазақстандағы IT-нарықтың болашағы туралы жан-жақты ақпарат берді.



## [«SHEVRON» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ӨКІЛІ ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ КЕЛДІ](#)

Басқарма төрағасы-ректор Лаура Қарабасова Chevron компаниясының инвестиция қорының менеджері Джон Дорффелдпен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар білім беру саласындағы серіктестік мүмкіндіктерін, заманауи білім беру жобаларын дамыту бағыттарын талқылады.

# Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ «2025 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



## [ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ PETROLEUM EXPERTS \(PETEX\) КОМПАНИЯСЫНАН МАҢЫЗДЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА СЫЙҒА АЛДЫ](#)

Мұнай-газ кен орындарын оңтайландыруға арналған озық инженерлік бағдарламаларымен халықаралық деңгейде танылған Эдинбургте орналасқан Petroleum Experts Limited (Petex) компаниясы Жұбанов университетіне IPM бағдарламалық кешеніне арналған білім беру лицензияларын тегін сыйға тартты. Сыйға берілген бағдарламалардың жалпы коммерциялық құны £2,662,347.63 (1 788 000 000 теңге) құрайды.



## [АҚТӨБЕДЕ МИННЕСОТА УНИВЕРСИТЕТІМЕН БІРЛЕСКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУҒА ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ](#)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті мен Миннесота университетінің бірлескен бастамасымен Қазақстанда алғаш рет «Халықаралық зерттеу құзыреттіліктерін дамыту орталығы» салтанатты түрде ашылды. Аталған орталық ғылыми мәдениетті дамытуға және халықаралық академиялық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған заманауи зерттеу алаңы ретінде қызмет ететін болады.



## [HERIOT-WATT UNIVERSITY: ЖАҢА ОҚУ-ЗЕРТХАНАЛЫҚ КОРПУСТЫҢ ЕСКЕРТКІШ ТАҚТАСЫ АШЫЛДЫ](#)

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2023 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында Ұлыбританияның жетекші техникалық университеті Heriot-Watt University халықаралық кампусы ашылды. Қазіргі таңда университеттің негізгі оқу-зертханалық корпусының құрылысы белсенді түрде жүргізіліп жатыр. 15-желтоқсан күні Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы стратегиялық еріптестік аясында оқу-зертханалық корпусың салтанатты тақтасын ашу рәсімі өтті. Шараға ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, Heriot-Watt University вице-канцлері Ричард Уильямс, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің басқарма төрағасы - ректоры Лаура Қарабасова қатысты.